



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 6 мамыр

### 2019 жылғы 26 сәуірден 3 мамыр аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

4 мамырдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,1%-ға нығайып (380,89-дан), 380,50 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 26 сәуірден 3 мамыр аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар федералдық қорлар бойынша мөлшерлемелер аралығын кез келген бағытта одан әрі қозғалысы туралы белгілерсіз, өзгеріссіз (2,25-2,5%) сақтау туралы АҚШ ФРЖ-нің шешімдері, АҚШ-та сәуір айындағы еңбек нарығы бойынша статистиканың жарыққа шығуы: жұмыссыздық деңгейі 1969 жылдан бері 3,6%-ға дейін ең төменгі көрсеткішті көрсетті, жұмыс орындарының саны 263 мыңға дейін ұлғайды, еңбекақының өсуі 3,2% г/г дейін баяулады, АҚШ-та қызмет көрсету саласында және Қытайда өндірістік салада іскери белсенділік бойынша нашар деректерге қатысты жарияланым, елдер арасындағы келіссөздер барысындағы баяу алға басуларға байланысты Д.Трампының АҚШ-қа экспортталатын қытайлық тауарларға бажды көтеру ниеті туралы мәлімдемесі болды.

Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Үндістан рупиясы** мұнай бағасының төмендеуі, сондай-ақ 250 млрд. рупийге жуық тартуды жоспарлап отырған Bharti Airtel телекоммуникациялық компаниясының жаңа акцияларын шығарумен байланысты капиталдың әкелінуі аясында 1,1%-ға (70,02-ден 69,22-ге дейін) нығайды;

- **Оңтүстік Африка ранды** наурызда сауда балансы профицитінің \$5 млрд дейін ұлғаюы туралы статистиканың жариялануы, қызмет көрсету саласында іскери белсенділік индексінің және еңбекақы төлемдерінің өсу қарқынының баяулауы аясында 0,3%-ға (14,39-дан 14,35-ке дейін) нығайды;

- **Мексика песосы** 2019 жылғы 1-тоқсанда ІЖӨ-нің 0,2% кв/кв қысқаруы туралы деректердің шығуына қарамастан, 0,1%-ға (18,94-тен 18,92-ге дейін) нығайды;

- **Түрік лирасы** инвесторлардың монетарлық саясатқа байланысты күдіктерін сейілту үшін Түркияның ОБ басшысының инфляцияға қарсы күресте барлық құралдарды,

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды


<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

оның ішінде қатаңдатудың жаңа раундын қолдануға уәде берген түсіндіру брифингіне қарамастан, 0,3%-ға (5,94-тен 5,96-ға дейін) әлсіреді;



- **Бразилия реалы** наурызда өнеркәсіптік өндірістің қысқаруы туралы деректерді жария ету аясында 0,3%-ға (3,93-тен 3,94-ке дейін) әлсіреді;

- **Ресей рублі** мұнай бағасының төмендеуі және РФ-да демалыс күндері себебінен сауда-саттықтың аз көлемдерінің аясында 0,4%-ға (64,8-ден 65,09-ға дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** қатарынан 4 тоқсан бойы тікелей шетелдік инвестициялар ағынының төмендеуі туралы хабарлардың аясында 0,5%-ға (14 199-дан 14 266-ға дейін) әлсіреді;



**Дамушы елдер валютасының серпіні (19 сәуір 2019=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:  
 +7 (727) 2704 585  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)